

1997 жылғы 17 қаңтардағы Ұялы жылжымалы байланыс жүйелерін дамыту мен пайдаланудағы ынтымақтастық туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 19 қаңтар N 67

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2000 жылғы 25 қаңтарда Мәскеу қаласында жасалған 1997 жылғы 17 қаңтардағы Ұялы жылжымалы байланыс жүйелерін дамыту мен пайдаланудағы ынтымақтастық туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттама бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ресми расталған мәтін

1997 жылғы 17 қаңтардағы Ұялы жылжымалы байланыс жүйелерін дамыту мен пайдаланудағы ынтымақтастық туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы
ХАТТАМА

1997 жылғы 17 қаңтардағы Ұялы жылжымалы байланыс жүйелерін дамыту мен пайдаланудағы ынтымақтастық туралы келісімнің, бұдан әрі - Келісім, Тараптары болып табылатын ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің үкіметтері ұялы жылжымалы байланыс жүйелері саласындағы өзара іс-қимылды жетілдіруге ұ м т ы л а о т ы р ы п , қазіргі жағдайларда ұялы жылжымалы байланыс операторларының ынтымақтастығын кеңейту мақсаттарында

төмендегілер туралы келісті:

1. Келісімнің 2-бабының алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
"ұлттық тораптардың ұйымдық-техникалық ерекшеліктерін және операторлардың халықаралық ұйымдарының қолданыстағы ережелерін ескере отырып, ұялы жылжымалы байланыс тораптары операторларының өзара іс-қимылдары бойынша ұ с ы н ы м д а р " .

2. Осы Хаттама Келісімінің ажырамас бөлігі болып табылады.

3. Осы Хаттама қол қойылған күнінен бастап, ал заңнамасы ол күшіне

енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындауды талап ететін мемлекеттер үшін - олардың орындалуы жөніндегі тиісті хабарламаны депозитарийге өткізген күннен бастап күшіне енеді.

Мәскеу қаласында 2000 жылғы 25 қаңтарда орыс тілінде бір түпнұсқалық данада жасалды. Түпнұсқалық дана Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару комитетінде сақтаулы, ол осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке Келісімнің расталған көшірмесін жолдайды.

Әзербайжан Республикасының Үкіметі үшін

Армения Республикасының Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының Үкіметі үшін

Грузия Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының Үкіметі үшін

Молдова Республикасының Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасының Үкіметі үшін

Түрікменстан Республикасының Үкіметі үшін

Өзбекстан Республикасының Үкіметі үшін

Украина Үкіметі үшін

Мәскеу - 25.01.2000